



ШЕШІМ

27.06.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ **393/52-VI**

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының аумағында
туристік қызмет саласындағы
мемлекеттік саясатты іске асыру
және жергілікті атқарушы
органдардың жұмысын
үйлестіру барысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы, қала әкімінің орынбасары М.Е. Бектұрованың "Нұр-Сұлтан қаласы аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру барысы туралы" баяндамасын тыңдап және талқылай келе, елорданың атқарушы органдары қаладағы туристік жағдайды жақсарту, туристік әлеуетті іске асыру және қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті туристік кешенді құру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.

2017 жылы қабылданған туризмді дамытудың 2020 жылға дейінгі стратегиясына сәйкес елордада туризм саласын дамыту үш бағытта жүргізіледі: Іскерлік туризм, Медициналық туризм және инфрақұрылымды жетілдіру. Нысаналы нарықтар мен дамудың басым бағыттары анықталды.

Нұр-Сұлтан қаласын 2050 жылға дейін дамыту стратегия шеңберінде "Туризм" секторын 2025 жылға дейін дамыту жөніндегі жол картасы әзірленді.

Барлық қажетті инфрақұрылым құрылды, жылдан жылға авиақатынастар географиясы және қалада іскерлік туризмді дамыту үшін өзге де көліктік мүмкіндіктер кеңейтілуде. Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайының жолаушылар ағынының 2018 жылы 5,8% - ға немесе 4,5 млн. қызмет көрсетілген жолаушылар өсімі байқалады, бұл ретте халықаралық рейстердегі жолаушылар саны 1,8 млн. адамға жетті. Транзиттік жолаушылар ағынының өсуі 14% - ға жетті.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2019 жылдың 1 тоқсанында қызмет көрсетілген келушілер саны 186 мың адамды құрады, оның 30 % - ы-шетелдік келушілер, ал 2018 жылы қызмет көрсетілген келушілер саны 790 мың адамды құрады.

Қаланың туристік және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін жобалар тізімін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді, тұрақты негізде

жобаларды таныстыру және инвесторларды іздеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Басым жобалар тізіміне Шығыс қаласы – бүкіл әлемнің тайпалары мен өркениеттерінің көшпенді тарихын, ойын-сауық паркін, жабық аквапарк, заманауи өнер орталығын, галактикалық мұражай (немесе ғарыш мұражайы), тропикалық бақ пен қысқы спорт-орталығын білдіретін ірі ауқымды бірегей тақырыптық бағыт кірді.

Бүгінгі таңда қалада 46 тарих және мәдениет ескерткіштері, оның ішінде 34 сәулет және қала құрылысы ескерткіші және 12 археологиялық ескерткіштер бар.

67 мәдениет мекемелері жұмыс істейді, оның ішінде 20 кітапхана, 5 мұражай, 8 демалыс саябағы, 8 театр, 8 кинотеатр, 3 концерттік қызметпен айналысатын ұйымдар және басқа да 15 мекеме бар.

Туристер үшін ойын-сауық, мәдени және басқа да ойын-сауықтың көптеген түрі ұсынылады. 2018 жылы елордада 700-ге жуық іс-шара өткізілді. Жыл сайын іс-шаралар саны орта есеппен 10% - ға, соның ішінде іскерлік іс-шаралар саны ұлғаюда. Ағымдағы жылдың 5 айында әртүрлі масштабтағы және бағыттағы 300-ге жуық іс-шаралар өткізілді.

Өз қызметін заманауи және жабдықталған қонақ үйлер мен бірегей көрме алаңдары жүзеге асырады.

Астананың іскерлік туризм индустриясын дамытуға бағытталған жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде. Нұр-Сұлтан қаласына ірі іскерлік іс-шараларды тартуға бағытталған салалық қауымдастықтармен және корпоративтік сектор өкілдерімен өзара іс-қимыл жөніндегі бағдарламалар әзірленді. Іскерлік туризм қалаларының халықаралық рейтингіне сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы Орталық Азияда ICCA (конгрестер мен конференциялардың халықаралық қауымдастығы) жалғыз мүшесі болып табылады. Астананың ICCA рейтингінің 100 дестинациясына кіруі үшін халықаралық қауымдастықтар мен бірлестіктердің жергілікті өкілдерімен, әсіресе экономиканың жетекші салаларының ұйымдары арасынан жұмыс жанданды. АХҚО, Назарбаев Университеті, ҚазЭнерджи және ҰКП, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың әлеуеті пайдаланылады, жаһандық деңгейдегі ірі іскерлік іс-шараларды тарту және өткізу бойынша іс-шаралар іске асырылуда. 2016 жылмен салыстырғанда елордада өткізілетін халықаралық іс-шаралар саны 3 есеге артты.

Қалада өткізілетін іс-шаралар туралы әлеуетті туристерді кеңінен ақпараттандыру мақсатында, сондай-ақ аудиторияны брендпен коммуникацияға тарту үшін ресми аккаунттарды, әлеуметтік желілердегі топтар мен беттерді контентпен, ресми туристік веб-сайтта, мобильді қосымшада, сондай-ақ халықаралық бейнехостингте жүйелі түрде толықтыру жүргізіледі.

Астананың бірыңғай туристік брендін қолдау үшін, қала, оның көрнекті орындары және астанадағы ең жақын іс-шаралар туралы өзекті ақпаратты қамтитын веб-сайт әзірленді, пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін ұқсас толтырылған мобильді қосымша әзірленді.

2018 жылдан бастап қалада медициналық туризмді дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қаланың медициналық әлеуеті туралы толық ақпараты бар, клиникалар мен олардың қызметтерінің сипаттамасын қоса алғанда, орыс және ағылшын тілдерінде 2000 дана медициналық каталог шығарылды. Қазіргі уақытта елордалық клиникалардың медициналық қызметтерін Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан шекаралас өңірлерінің азаматтары да пайдаланады. Бұл кардиохирургия, нейрохирургия, репродуктивті медицина қызметтері. Тәжірибе алмасу, медициналық туризм ұйымдары өкілдерінің өзара байланысын қолдау, іскерлік байланыстарды орнату, шетелдік туристерді Нұр-Сұлтан қаласына тарту мақсатында Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының қызметкерлері мүдделі қалалық клиникалармен бірлесіп Бішкек және Киев қалаларында медициналық туризм бойынша халықаралық көрмелерге қатысты.

Қалалық инфрақұрылымды жетілдіру аясында "жаяу жүргіншілерді бағдарлаудың бірыңғай жүйесі", "ақпараттық дүңгіршектер", "экскурсиялық автобус" жобалары іске асырылуда. "Туристік имидждік өнімдерді дайындау" жобасын іске асыру барысында қала картасы бар Z-карталар, ресми журналдар қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі жолсілтемелер, астананың MICE индустриясы туралы ақпараты бар каталогтар, медициналық туризм бойынша каталогтар шығарылды және іске асырылды. Туристердің жайлы болуын қамтамасыз ету, Қала туралы хабардарлықты арттыру, өткізілетін іс-шаралар мен көрнекті орындар үшін интернет-порталдың бастапқы беті бар туристерді тарту орындарында 23 интерактивті қоғамдық қатынау пункті орнатылды. welkometonur-sultan.com "CityPass" жобасы жүзеге асырылуда. Қаламен, ескерткіштермен және тарихи-мәдени объектілермен танысу үшін ізі халықаралық интернет-платформасында жаяу аудиоэкскурсия жобасы енгізілді. [travel 128](http://travel128.com) нысан бойынша 6 тілде.

Қызмет көрсету сапасын жақсарту, елорданың туристік тартымдылығын арттыру мақсатында ағымдағы жылы қаланың 10 мұражайлары мен экскурсиялық туристік объектілерінен 80 қызметкер және астананың 20 Қонақ үйі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша курстар өткізілді.

Сонымен қатар, өткізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, елорданың туристік саласын дамытуда бірқатар проблемалық аспектілер орын алуда.

Қазақстандықтардың да, шетелдік туристердің де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін елорданың қалалық Туризм кластерін дамыту мәселесін зерделеуді талап етеді.

Елордада туристік саланың дамуын тежейтін негізгі себептерге туристік нарыққа қатысушылардың бытыраңқылығы, жеткілікті дамымаған нормативтік-құқықтық база, инвестициялардың жеткіліксіздігі, білікті кадрлардың тапшылығы жатады.

Туристік орталықтардың инфрақұрылымын және туристік көрсету объектілерін барлық адамдардың, оның ішінде дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, Қарт адамдардың, олардың қамқоршылары мен отбасы

мүшелерінің түрлі мұқтаждарына бейімдеу тұрғысынан "қолжетімді туризмді" қамтамасыз ету мәселелері назар аударуды талап етеді.

Астананың туризм саласында қосымша жұмыс орындарын құру саласында да, сондай-ақ халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қорғау саласында да әлеуметтік саясатты іске асыру бойынша жұмыстар тиісті деңгейде қойылмаған.

Туризмді дамыту стратегиясындағы негізгі элементтердің бірі ретінде оқиғалар туризмі жеткіліксіз дамып келеді. Жаңа тур өнімдердің әзірлеу, қызметтердің сапасын және саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инновацияларды енгізу мәселесін зерделеуді талап етеді.

Астанада өткізілетін мүдделі тараптардың іс-шараларына өзара ынтымақтастықтың болмауы және тиімсіз қатысуы елордада туризмді тұрақты дамыту жолындағы негізгі кедергілердің бірі болып табылады.

Туристерді орналастыруға жоғары бағалар, сервистің тиісті деңгейде болмауы, кейбір қонақ үй-сервистік кешендердің халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі келу туризмінің дамуына кедергі келтіреді.

Қалада ағылшын тілін білетін кәсіби мамандар-гидтердің жетіспеушілігі байқалады. Қаланың тарихи бөлігі экскурсиямен қамтылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Нұр-Сұлтан қаласы аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру барысы туралы" баяндама назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне қалада туристік саланы одан әрі дамыту үшін қолайлы орта құру бойынша құқықтық және экономикалық іс-шаралар өткізу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

Туристік нарықта аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновацияларды ынталандыру және жаңа туристік бағыттарды дамыту мақсатында елордада қалалық Туризм кластерін дамыту мәселесін, қолда бар туристік әлеуетті неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал ететін жағдайлар жасауға, Салықтық түсімдер, шетел валютасының ағыны, жұмыс орындарының санын ұлғайту есебінен туристік саланың елорда экономикасына үлесін арттыруға назар аударатырып зерделеу.

Туризм саласында көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін нормативтік құқықтық актілер қабылдау, жаңа объектілер салу, қажетті инфрақұрылымды дамыту, туристерді орналастыруға бағаларды реттеу, туристік қызметтердің мүмкіндіктері мен перспективаларын жариялау саласында белсенді маркетингтік кампания өткізу, елорданың туристік саласы үшін кадрлар даярлау мен оқытуға бюджеттен қаражат бөлу жолымен келу және ішкі туризмді дамытуды ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы" ММ қаланың мүдделі ұйымдарымен бірлесіп астананың туристік әлеуетін жақсарту, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін туризм

саласына халықаралық озық тәжірибе мен жаңа инновациялық технологияларды зерделеу және енгізу жөніндегі қызметті үнемі жетілдіру ұсынылсын.

Оқиға және іскерлік туризмді одан әрі дамыту, астанаға туристік ағынын ұлғайту жөніндегі жұмысты жандандыру. Астанада ірі халықаралық форумдар, мәдени-ойын-сауық оқиғаларын өткізуге туристік индустрияға барлық қатысушыларды тарту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру. Іс-шараларды ұйымдастырушылар мен тур операторларды қолдау шараларының пакетін, ұйымдастырудағы үйлестірілген іс-қимылдар үшін оқиғалық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін құру және іске асыру, оқиғалық туризм саласындағы күзгі-қысқы кезеңде іс-шаралар портфелін толтыруға ерекше назар аудара отырып, шаралар қабылдау.

"Қолжетімді туризмді" қамтамасыз ету үшін барлық адамдардың, оның ішінде дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, Қарт адамдардың, олардың қамқоршылары мен отбасы мүшелерінің әр түрлі мұқтаждарына туристік орталықтардың инфрақұрылымын және туристік көрсету объектілерін құру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыру.

Елорданың туристік саласының кадрлық әлеуетін жақсарту мақсатында ағылшын және басқа да шет тілдерін білетін гидтерді дайындауға көңіл бөле отырып, туристік сала қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Қаланың тарихи бөлігімен танысу бойынша экскурсиялық турларды ұйымдастыру мәселесін пысықтау.


4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы**



А. Күрішбаев

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**



Ж. Нұрпейісов